



## **"КРАМДС" ҰЛТТЫҚ АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ХОЛДИНГ КОМПАНИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ**

*Күшін жойған*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ  
1994 жылғы 11 ақпан N 175. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің 1995.12.06. N 1671 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының Байқаушы кеңесі ұсынған "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының құрамында холдинг компанияларын қалыптастыру жөніндегі материалдарды қарай келіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясы холдинг компанияларының құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасындағы Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының жарғылық қорындағы акциялардың мемлекеттік пакетін одан әрі пайдаланудың бағытын анықтайтын болсын, бұл ретте акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін құрылғалы отырған холдингтерге беруді көздесін. Акциялардың мемлекеттік пакеттерінің құнына тең холдингтердің акцияларын иелену, пайдалану және басқару құқығымен "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясына берілсін. Бұларға ие болу құқығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінде

қалдырылсын.

3. "КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясының Байқаушы кеңесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша құрылғалы отырған холдинг компаниялары байқаушы кеңестерінің мүшелері мен президенттерінің кандидатураларын белгіленген тәртіппен бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 11 ақпандағы  
N 175 қаулысына  
Қосымша

"КРАМДС" Ұлттық акционерлік компаниясы  
салалық холдинг компанияларының  
Тізбесі

және оларға кіретін мемлекеттік кәсіпорындардың құрамы

1. "КРАМДС-Чермет", Алматы қаласы
  - "Атасуруда" акционерлік қоғамы, Қаражал поселкесі, Жезқазған облысы
  - "Лисаков кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы, Лисаков қаласы, Қостанай облысы
2. "КРАМДС-Хромит", Ақтөбе қаласы
  - "Ақтөбе ферроқорытпа зауыты" акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы
  - "Дөң кен-байыту комбинаты" акционерлік қоғамы, Хромтау қаласы, Ақтөбе облысы

3.

<\*>

Ескерту. "КРАМДС-алюминий" холдинг компаниясы құрамымен түгел шығарылды - ҚРМҚК 1994 ж. 30 мамыр N 576.

4. "КРАМДС-Индмаш", Алматы қаласы
  - "Алматы ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
  - "Шымкент ұста-пресс жабдықтарын шығару өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы
  - "Ленгір дәл құймалар зауыты" акционерлік қоғамы, Ленгір қаласы, Оңтүстік Қазақстан облысы
5. "КРАМДС-Маш", Алматы қаласы
  - "Стенд" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
  - "Темір" акционерлік қоғамы, Талдықорған қаласы
  - "Макин поршень сақиналары зауыты" акционерлік қоғамы, Макин қаласы, Ақмола облысы
6. "КРАМДС-Ритам", Павлодар қаласы
  - "Октябрь зауыты" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы
  - "Павлодар арнаулы технологиялық жарақтар мен саймандар

- зауыты" акционерлік қоғамы", Павлодар қаласы
- "Автоматтандыру және механикаландыру жобалау-конструкторлық технология институты" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы
7. "КРАМДС-Элком", Алматы қаласы
- "Арна" акционерлік қоғамы, Арқалық қаласы
  - "Геофизприбор" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
  - "Павлодар-Электронмаш" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы
  - "Дасу" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
8. "КРАМДС-Дарын", Алматы қаласы
- "Комплекс" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы
  - "Цефар" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы
  - "Асхана ас-үй аспаптары мен механизмдері" акционерлік қоғамы, Павлодар қаласы
  - "Газмашаппарат" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы
9. "КРАМДС-Стром", Қарағанды қаласы
- "Қазқұрылысполимер" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы
  - "Қостанайасбест" акционерлік қоғамы, Жетіғара қаласы, Қостанай облысы
10. "КРАМДС-Химталшық", Қостанай қаласы
- "Қостанайхимталшық" акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы
  - "Лисаков химиялық талшық зауыты" акционерлік қоғамы, Лисаков қаласы, Қостанай облысы
11. "КРАМДС-Текстиль", Қостанай қаласы
- "Котекс" акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы
  - "Тұлпар" акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы
  - "Восход" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы
12. "КРАМДС-Меланж", Шымкент қаласы
- "Южтекс" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы
  - "Елқамы" акционерлік қоғамы, Қарағанды қаласы
13. "КРАМДС-Сапа", Петропавл қаласы
- "Петропавл былғары шикізат зауыты" акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы
  - "Петропавл былғары зауыты" акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы
  - "Жарық" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы
14. "КРАМДС-Мұнайгаз", Алматы қаласы
- "Полипропилен" акционерлік қоғамы, Атырау қаласы
15. "Шығыс Қазақстан мыс-химия комбинаты" акционерлік қоғамы,

Шемонаиха поселкесі, Шығыс Қазақстан облысы

16. "Петропавл электр қорғауыш материалдар зауыты", акционерлік  
қоғамы, Петропавл қаласы

17. "Мако" акционерлік қоғамы, Өскемен қаласы